



# ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

ОҚЫРМАНДАР СУРАУЫ БОЙЫНША САЙЛАУХАН ХАНЫМНЫҢ ӨМІР БЕЛЕСТЕРІНЕН ҮЗІНДІ БЕРІП ОТЫРМЫЗ

Қытай Халық Республикасында дүниеге келдім. Бірақ өсіп-өнген жерім - Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданы, Аманкелді колхозы. Онжылдықты 1972 жылы аяқтап, бірінші жылы оқуға түсе алмай, ауылда қара жұмыстар істедім. Шыжыған күннің астында қап-қара болып күнге күйгенім соншалық, сақпан аяқталып, ауылға келгенде мені көріп жұрттардың шошығандары әлі есімде. Ысқыруды әзер үйрендім. Ауызға саусақтарды салып жіберіп ысқырып-ысқырып жіберген кезде жамырап жан-жаққа тарап кеткен қой-қозыларым кері қайтпаса да орындарында тұрып қалатын еді. Айдауға жақсы жүретін. Сол ысқырықтың бүгінгі күнде де пайдасы тиіп қалады.

Кейін Алматыдағы шет ел тілдері институтының неміс тілі факультетін бітіріп, оқу министрлігінің жолдамасымен Халық шаруашылығы институтының тілдер кафедрасында неміс тілінен ұстаздық еттім. 1984 жылы отбасымда қиындық болып – жолдасым инсульт алып, 1-топтағы мүгедек болып жатып қалды. 15 жыл бойы төсек тартып жатты. Сол кезде ауырған адамға қарап, үш бірдей баланы асырап, бағу үшін үйіме жақын жердегі «Қазақстан» ательесіндегі 4-ші филиалына оқушы-үйренуші болып орналастым. 7 ай оқуым керек, 70 сом стипендия береді. Өзімнің аманнан үйренген тігіншілік өнерімнің арқасында бар-жоғы

3 ай ішінде 4-ші разрядты ерлер киімі тігіншісі атандым. Ол жетістігіме қуана қойған мен жоқ. Себебі, бар арманым-ұстаздық ету еді. Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының мектепке дейінгі тәрбие бөліміне сырттай оқуға түстім. Бір басымдағы сонша қиындықтарға қарамастан екінші жоғары оқу ретіндегі 3-ші курстан түсіп оқу жеңілдігім пайдаланбай, басшылардан өтініп оқуды 1-ші курстан бастадым. Сосын балабақшаға уақытша тәрбиеші болып орналастым. Терең білім жинақтап “Үздік диплом” иесі атандым. Қайрат күш пен ерік-жігерімнің арқасында үлкен жетістіктерге жеттім. ҚР Оқу-ағарту ісінің Озық қызметкері атағын



алып, көптеген құрмет, алғыс қағаздарына ие болдым. Сол жылдары еңбегім бағаланып, аудандық білім басқармасы 1 жылдық педагогикалық класс ашып, сол пед.классқа әрі жетекші, әрі бірнеше пәннен мұғалімі етіп мені тағайындады. 31 оқушыма аяғымды тоздырып, есіктерді қағып жүріп стипендия,

жатақханадан орындар алып бердім. Оқу озаттарына қызыл түсті, басқаларына көк түсті дипломдарды дайындап, банкетте елге құрметті қонақтардың қолынан оқушыларға табыс етілді. Менің бұл еңбегім теледидардан бірнеше рет көрсетілді. Бұл ісім педагогикалық класта тәрбие-

шілер дайындауда бірінші рет болып отырған үлкен жаңалық деп бағаланды. Сосын Ыбырай Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтына қызметке шақырылдым. Ғылыми жұмыспен айналыса жүріп балаларды мектепке дайындауға арналған оқу-әдістемелік құралдар әзірледім. Себебі, болашақ ұрпаққа не керек, не жетіспейді, балалар тәрбиесіне қай жағынан қарау керек деген тұстарын ескере отырып, әсіресе, бала қазақ болып тәрбиеленіп, ана тілін құрметтеуі үшін қандай әдістемелік құралдар қажет екеніне баса көңіл бөлдім. 30 шақты оқу-әдістемелік құралдарда өзім автор, кейбіреулеріне қосалқы автор болдым. Бала тәрбиесіне байланысты газеттерде жарық көрген еңбектерім бір төбе.

Министрліктің жоспарына ұрпаққа керек деген бірнеше сериям енген еді. Сол сериялардан “Адақсан өгіз”, “Әтеш пен тотықұс”, “Оюхан мен Жоюхан”, “Жыл мезгілдері” т.б.с.с. бірсыпыра оқу-әдістемелік құралдарым жарық көрді, ал басқа да дүниелерім министрліктің жоспарына енген қалпында қалып кетті. Жастарды рухтандыратын дүниелерім көп. Әлі де жарық көріп, ұрпақ қолына тиер деген сенімдемін.

**Сайлаухан Әуелбаеваның «Ризамын өмірімнің өрнегіне» кітабынан үзінді.**

## ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА



## ГАЗЕТТЕГІ САЙЛАУХАН ЕМШІ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАРДЫ ЕМДІК ҚҰРАЛҒА АЙНАЛДЫРУ ТӘСІЛІ:

1. Газеттің 8-9 беттерін айқара ашыңыз.
2. Сайлаухан ханым туралы жазылған парақшаны кеудеңізге тақап, 30 секундтай ұстаның.
3. Газеттің мұқаба 1-ші беті сол ашық күйінше қалсын. Ал, ортадағы артық басқа беттерді сол жағыңызға қарай ығыстырып қойыңыз.
4. Кеудеңізге тақаған қос 8-9 беттерді мұқаба 1-ші беттің үстіне қойыңыз.
5. Шатасып, бір газеттің іші-сырты менен екінші газеттің іші-сырты ауысып кетпес үшін, газеттің бұрышынан желімдеп қойыңыз. (Қыстырғышпен қыстырып қоюға болмайды)
6. Дәл осылай барлық газеттерді дайындап алғаннан кейін, газетті ашық күйінде (А-2 форматта) сыртын салафанмен тыстатып алуыңыз керек. Немесе терезе қаптаптын салафанмен газетті ашық күйінде жаңдарын (ішіндегі газетке тигізбей) айнала (мықтап, сөгіліп кетпейтіндей қылып) тігіп шықсаңыз да болады.

Бұл дайындау тәсілдері. **ЕСКЕРТУ:** Газеттің іштері бір-бірімен ауысып кететін болса, ол газет ем жүргізбейді. Сондықтан газеттің беттеріне мұқият болыңыз. Шағасып кетпес үшін бір-екі жерінен желіммен ұстатып қойғаныңыз дұрыс.

Дайын болған газеттен болған емдік құралдарды төсектеріңізге жастықтың астынан бастап аяқтарыңызға дейін жететіндей етіп (оңға-солға аунаған кезде де сол емдік құралдың үстіне жататындай етіп төсектің астына тағы да қалыңдау төсек парағының астына төсейсіз. Сөйтпін, соның үстіне ұйықтайтын боласыз. Ал, артылған емдік газеттерді ауырған жеріңізге қойып, қалғанын қасыңызға алып жатып, еміңізді жасай бересіз.

Мүмкіндігінше газеттің әр санын әрдайым тапсырыс беріп алдырып, жинап отырғаныңыз дұрыс. Себебі бұл газеттердегі космоэнергетикалық жолмен қуаттандырылған күш барлық сырқаттарды қамтып емдейді.

Осы емдік заттарыңызды өзіңіз пайдаланыңыз және балаларыңыз да, немере-шеберлеріңіз де пайдаланатын ұрпаққа жалғасқан емдік құрал болады.

**Сұрақтарыңызбен мына нөмірлерге хабарласыңыз: 8-701-179-06-06, 8-707-203-60-35.**



## ӨМІРІ НҰРЛАНҒАН САЙЛАУХАН

Жалпы алдынан шығатын қиыншылықтарды жеңе отырып, алға қарай жылжу, зайырлы адамның өмірге деген құштарлығынан туындайды. Сайлаухан Әуелбаева үнемі кәсіби біліктілігін жетілдіріп, ғылымға тынбай еңбек етіп келеді. Өмір атты тіршіліктің күресінде үнемі биіктен көріну әркімнің маңдайына жазыла қоймаған бақ. Тағдырдың қатты дауылының шарпуында педагогикадан біраз уақыт қол үзіп, кеткен Сайлаухан Әуелбаева айналып келіп өз арнасына қайта қосылды. Жай ғана ағысқа ілесіп кете берген жоқ, білім-ғылым саласына, өскелең ұрпақтың тәрбие бастауына тулаған толқындар ала келді. Осы қиындығы көп жолға бет бұрған Сайлаухан Әуелбаева да тосыннан кездескен, бет қаратпас қара дауылдарға қарсы жүре білді. Көптеген оқу-әдістемелік құралдар, қазақ топтары үшін сахналық қойылымдар сценарийлерін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жазды, ұлттың салт-дәстүрін, ділін, тілін өскелең ұрпаққа әртүрлі әдіс-тәсілдермен жеткізуге тырысты. Тілге, басқа да ұлттық бағыттарға дәл сол кезде кедергі шаш етекпен болатын. Енді ғана егемендікке қол жеткізген өмірге жаңа келген сәбидей тәй-тәй басқан, жас мемлекет қаз тұрып кете алмай жатқан шақ. Қоғамдағы қайшы

көзқарастар ойлағаннан да көп, орасан еңбек ету қажет еді. Ескіні жаңғырту, өшкенді жандыру қашан да қиын, ұзақ жылдар бойы өзге ұлттың, өзге тілдің құрсауында болған мемлекет әлі де дағдарыс кезеңінде болатын. Осындай кертартпалықтың күйіп тұрған кезінде қайсарлықпен қарсы тұрып, халқының тілін, салт-дәстүрін өзге елмен қоса өз тілінен жерігендерге таныта білді, өзге ұлт өкілдерінің ұрпақтарын жастайынан мемлекеттік тілді бағалауға, өзі өсіп-өніп отырған елдің салт-дәстүрін құрметтеуге үйрете білді. Осы жолда талай шиеленіскен сәтсіздіктерге ұшыраса да, жігерін жасытпастан шындықтың құдығын қаза берді. Мысалы, «Оюхан мен Жоюхан» (С.Медеубеков «Оюхан мен Жоюхан» ертегісі негізінде құрылған) сахналық көрінісінің мақсаты – қазақ халқының көшпенді тарихынан сыр шертетін бірден-бір күәсі – қазақ үйі, оның безендірілу нақышы, дастархан мәзірі, сол кездегі үстем тап өкілдерінің тіршілік тынысы, табиғаттың сұлулығы, адам баласының мінез, болмысы, көз қарастары, жалпы, әр түрлі болатындығы, жамандық пен жақсылықтың қатар жүріп, безбеннің табағындағындай кейде бірі-бірінен басым түсетіндігі, қоршаған ортаның сұлулығын көріп, бағалай білу – міне, осының барлығын Сайлаухан ханым бір ғана 30 минуттық қойылымда

баяндады. Бұдан кейін де түрлі мақсаттарға жазылған сценарийлер «Қайырымды бала», «Ақылсыз бала» бір отбасының тірлігін, ондағы бес баланың бір отбасында тәрбие алса да бірдей емес аңғалдықпен теріс жұмыс жасап, ойланбай жүрсең анаңды налытасың деген түсінік береді. Мұндай тәрбиелік мәні бар қойылымдары өте көп. Міне,

бұл Сайлаухан Әуелбаеваның шығармашылық шеберлігінің ұшқыны ғана. Білім саласы, оның ішінде балабақшаның жалпы қоғаммен, отбасымен байланысындағы кейбір түсіністікке толы тұстарын ашып, одан құтылудың жолдарын іздегіру мақсатында: «Тәрбиеші беделі қайтсе артады?», «Педкласс жайы ойлантанды», «Тәрбиешіге жаны ашыр жан бар ма?» сияқты мәселелердің шешімін табу жолында мақсаты ортақ жандардың ой-пікірін топтастырып, қайшы көзқарастарға аса жеткілікті тәжірибесімен білімділігін көрсетіп, қайрат, жігерінің арқасында тойтарыс беріп отырды. “Өз елің, өз тілің болмаса дарының сенің кімге керек?” демекші, Сайлаухан Әуелбаева өзінің қанаты болған ерен еңбегіне, төккен теріне сенеді. «Халқы үшін қаққан қанатым талмайды, бақыт деген су астында жатқан құм емес, сүңгі салып шеңгелдеп алып шығатын», - дейді. Адал еңбек, талмас жігер, қайратымен өмірін нұрландырған ұлағатты ұстаз, мейірімді ана, өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, еліне шапағат нұрын шашқан адал перзент.

Қалың оқырманға білім-ғылым жолында жүргенде өзінен кейінгі ізбасарлары үлгі, замандастары құрмет тұтқан дарынды ұстаздың сол кездері жазған әдістемелік құралдарының жеке-жеке басылып шығып, бүгінде бұларшіндердің ықыласына бөленіп, мектепке дейінгі білім ошақтарының оқытушыларына таптырмас ақылшы құрал болып отырғандығынан да хабардар етпекпіз. Қай салада еңбек етсе де оза шығып, елінің алғысына ие болу тек тынымсыз еңбек, ақ ниет, адал, жүрегі таза адамға тән қасиет.

**Эльвира СӘРСЕНБЕКҚЫЗЫ**



Сайлаухан ханым, жаныңыз қайырылым-дыққа тұнған сіз асыл адамсыз. Кітаптан өмірбаяныңыздың үзіндісін оқып, өзіме үлкен сабақ алдым. Сіздің әңгімеңіз қатты әсер етіп, өзімнің өміріме, жарыма, әуелі балаларыма деген жаңа махаббат пайда болды! Орыстар «век живи – век учись» деп айтады ғой. Сізге үлкен рахмет.

**Төберекова Әнзия Жақсыбекқызы. Қоғалы орта мектебінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі. \* \* \***

Сайлаухан апай, дастархан әдемі болды, әрі, жалт-жұлт етеді. Кешке қраннан су алып, таңертең шәй-тамаққа қолданып жатырмыз... ... ТАМАША!!!

**Шырын. \* \* \***

Ең бастысы мен сізге денсаулық тілеймін. Денсаулығыңыз зор болса, еңбегіңіздің зор болатынына көзім әбден жетеді. Осы қалпыңыздан таймаңыз. Болашақ ұрпаққа үлгі болыңыз. Өз басым сіздің ісіңізді,

іздемпаздығыңызды қатты ұнаттым. Шіркін, барлық адам сіздей болса ғой. Бұл менің сізге деген шын ризалық көңілім, ақ тілегім. Мен сізге қатты ұқсағым келеді. Сізді өзіме үлгі етемін. Болашақта да сізден көп нәрсені үйренемін. Еңбегіңіз жемісті болсын! Әрдайым жолыңыз болсын!

**Жанабаева Гүлмария 176-шы балабақшаның тәрбиешісі. \* \* \***

Сәлеметсіз бе, құрметті “Су Патшайымы” Сайлаухан Ханым! Біз өте ризамыз Сізге!!!

**Қайырбек \* \* \***

Сайлаухан ханыммен тек қуанышты сәттерде кездесуге жазсың! Ақсамалымның денсаулығы құлан таза айықты. Құлыныңның тойында би билеп, ән салуға Алла нәсіп етсін!

Алланың сүйікті қызы Саулаухан! Біз Сізге ғашық болып қалдық Ғұмыр жасыңыз ұзақ болып, балаларыңыздың қызығын көріңіз. **Ақылбек. \* \* \***

## Сайлаухан Әуелбаеваны бүгінде бүкіл ел таныды

Осы бір аяулы, дархан мінез жанды мен өзімнің өмірдегі ұстазым ретінде пір тұтамын. Аз ғана уақыттың ішінде бұл кісі маған көп нәрсе үйретті, көп жағдайларға деген көзқарасым өзгерді. Дұрыс жол таңдауыма

ұстаздың ықпалы зор. Сайлаухан Әуелбаевадан жалпы шығармашылық жолда болсын, күнделікті тұрмыс-тіршілікте болсын өнеге алып, осы кісінің бағыт-бағдарын өзіне үлгі тұтқан адамдардың қатары аз емес. Алғыс **Армангүл КЕНЖЕБАЕВА**

## Ардақты әріптесім Сайлаухан Сұлтанғазықызы туралы ой-толғам

Сайлаухан Сұлтанғазықызы - айналасындағылардың көңіл-күйін қырымнан тани білетін сезімтал, инабатты, жан-жағын шуаққа бөлей жүретін ерекше жан. Оның бойында қазаққа тән жағымды қасиеттер бар. Сымбатына ішкі байлығы сай келіп тұрған Сайлауханның еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының өзі дара әңгіме. Ол жайында көсіліп сөйлеуге, тілге тиек етуге тұрарлық мысалдар да, баспасөз бетінде жарық көрген қызықты материалдар да жетерлік. Сол деректерге сүйеніп айтар болсақ, Сайлауханның тағдыры оңайға соқпады. Алайда, жастайынан көрген өмір тауқыметі оның ерік күшін де, ментальдық санасын да билей алмапты. Қашан көрсен жұрт алдында кеудесі биік, кішіпейіл, жүзі жарқын. Сайлауханның болмысынан нәзіктік

көрініс береді. Ол үнемі өсімдіктерді мәпелеп, баптап жүреді. Сайлауханның шипалы қолынан небір өлімсіреп тұрған өсімдік жайнап сала береді, бұны мен жақсы ырымға жоримын. Көп адамдар Сайлауханды гүлдерге теңейді. Мен оны білікті педагог ретінде қатты бағалаймын. Лайым Сайлауханның жолы кедергісіз, айқын да ашық, ырзығы мол болсын. Оның үш бала тәрбиелеп отырған ардақты ана екендігін естен шығармағандықтан, балаларының қызығын көрсін, ағайын - туыс алдында мерейі үстем бола берсін деп тілек білдіремін! **Құрметпен, Қоңыратбай Тана Әуелбекқызы, Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент**

## “САЙЛАУХАН” ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы қаласы, «Айнабұлақ-2» ықшам ауданы, СК «Сұлтан» ғимаратының 3-қабаты.

**БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 8-707-203-60-35, 8-701-179-06-06.**